ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 09-06/1767
30.03.2021

**«Алаш жастарының одағы» ҚҚ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) лот 39660926-ГСЗ1 «Жастардың шығармашылық және мәдени дамуына бағытталған мемлекеттік тіліндегі қозғалыстың КВН дамыту жобасы» және 39481990-ГСЗ1 «Жастардың шығармашылық және мәдени дамуына бағытталған орыс тіліндегі қозғалыстың КВН дамыту жобасы» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберіндегі конкурс нәтижелерімен келіспеуге қатысты Сіздің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 91968 шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Алдын ала бақылау бойынша Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес әлеуетті қатысушылардың КВН қозғалысы саласында кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың, атап айтқанда редактордың, авторлардың және жүргізушілердің болуы көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Ережелер) № 6 қосымшасының 4 тармағына сәйкес біліктілік талаптары болған жағдайда тиісті құжаттарды (куәлік, дипломдар/сертификаттар, бұйрықтар/еңбек кітапшалары, зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер) растау және қоса беру қажет.

«Алаш жастарының одағы» ҚҚ өтінімінде Тапсырыс беруші талап етілетін еңбек ресурстарын растайтын құжаттарды қоса берген жоқ.

Осыған байланысты конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі (жібермеуі) қолданыстағы Ережелерге сәйкес келеді.

Жауаппен келіспеген жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сіздің өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылысыз.

**Департамент**
**басшысының орынбасары** **Е. Байгалық**

*Орынд.: А.Уразова*
*Тел:279-85-44*